








Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Өкілетті Кеңесінің 62-мәжілісі

Нұр-Сұлтан / Қазақстан

21/02/2020

 <p>Профессор доктор Мұса Ыылдыз Өкілетті Кеңес төрағасы, Гази университетінің профессоры</p>	<p>Асхат Қанатұлы Аймағамбетов Өкілетті Кеңес төрағасының орынбасары, Қ.Р. Білім және ғылым министрі</p>
<p>Доцент доктор Ибрахим Калын Өкілетті Кеңес мүшесі, Т.Р. Президент Кеңесінің баспасөз хатшысы</p>	 <p>Доцент доктор Аида Қыстаубайқызы Сагинтаева Өкілетті Кеңес мүшесі, Назарбаев Университеті дербес білім беру ұйымының Жоғары білім беру мектебінің деканы</p>
 <p>Доктор Сердар Чам Өкілетті Кеңес мүшесі, Т.Р. Мәдениет және Туризм вице-министрі</p>	 <p>Ләззат Амангелдықызы Тұрымбаева Өкілетті Кеңес мүшесі, Қ.Р. Қаржы министрлігі Әлеуметтік сала бюджеті департаментінің директоры</p>
 <p>Профессор доктор Мұхитгин Шимшек Өкілетті Кеңес мүшесі, Мармара университетінің профессоры</p>	 <p>Профессор доктор Болатбек Серікбайұлы Абдрасилов Өкілетті Кеңес мүшесі, Ахмет Ясауи университетінің ректоры</p>
	 <p>Ұлан Қалмұханұлы Тәжібаев Өкілетті Кеңес мүшесі, Түркістан облысы әкімінің орынбасары</p>

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 62-МӘЖІЛІСІ**

Нұр-Сұлтан / Қазақстан

21/02/2020

1. Мәжілістің ашылуы және күн тәртібімен таныстыру;
2. Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан жалпы мәлімет ұсыну;
3. Ректораттың 2018-2019 оқу жылында атқарған қызметі мен қол жеткізген жетістіктері (Performans) туралы есебін ұсыну, талқылау және бекіту;
4. 2018 қаржы жылының қорытынды есебін бекіту және 2020 қаржы жылының бюджетін талқылау;
5. Университеттің 2017 жылғы әкімшілік-шаруашылық және қаржылық тексеру есебі мен 2018 жылғы академиялық тексеру есебін талқылау;
6. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне ҚР Президентінің Жарлығымен Ерекше мәртебесінің берілуі және осыған байланысты іс-шаралар туралы ректорат ұсынысын талқылау;
 - 6.1. Университет қызметкерлерінің еңбек жалақысын көтеру туралы ректорат ұсынысын талқылау;
 - 6.2. Өкілетті Кеңестің 24.06.2014 жылғы 48-мәжілісіндегі 9.2.7 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
7. 2020-2021 оқу жылына Түркия Республикасынан, Түркі тілдес республикалар мен туыстас қауымдастықтардан және басқа да мемлекеттерден қабылданатын студент контингенті мен ТүрТЕП және КазТЕП бағдарламаларына қабылданатын студент контингентін белгілеу;
8. Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан шәкіртақы негізде 2020-2021 оқу жылында докторантура мен кәсіби біліктілік арттыруға және тәжірибе алмасуға жіберілетін үміткерлердің контингенті мен мамандықтарын белгілеу бойынша ректорат ұсынысын талқылау;
9. Университетке қарасты Ботаникалық бақ, Ғалымдар үйі және 1.5 га жерді Түркістан облысы әкімдігінің ұсынысын талқылау;



10. Еуразия Ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасарына «жалгерлік» төлемдері үшін жәрдемақы тағайындау ұсынысын талқылау;
11. Дайындық факультеті оқытушыларының шет тілі (ағылшын және түрік тілі) бойынша кәсіптік құзыреттіліктерін арттыру және Халықаралық Юнус Эмре сертификатының жарамдылық мерзімін ұзарту туралы ректорат ұсынысын талқылау;
12. Университет қалашығына салынуы жоспарланған құрылыс нысандары мен оларға бөлінетін жер телімі туралы ректорат ұсынысын талқылау;
13. Университетте **Бенчмаркинг** (Benchmarking) жүйесін енгізу туралы ректорат ұсынысын талқылау;
14. Жаңа регламенттер мен ережелерге толықтыраулар мен өзгерістер енгізу, бекіту туралы ұсыныстарды талқылау;
15. Ұсыныстар мен тілектер.

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 62-МӘЖІЛІСІ**

Нұр-Сұлтан / Қазақстан

21/02/2020

Өкілетті Кеңестің 62-мәжілісінің шешімдері 15 баптан тұрады

1. Мәжілістің ашылуы және күн тәртібімен таныстыру

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңесінің 62-мәжілісі 2020 жылдың 21 ақпан күні Өкілетті Кеңес төрағасы, доктор, профессор Мұса Йылдыз тарапынан ашық деп жарияланды. Мәжілісті бастау үшін қажетті кворум жиналды. Өкілетті Кеңес мүшелеріне күн тәртібі таныстырылды. Күн тәртібіндегі мәселелерді рет-ретімен талқылау туралы шешім қабылданды.

2. Өкілетті Кеңес төрағасы тарапынан жалпы мәлімет ұсыну

Өкілетті Кеңес төрағасы Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан атқарылған жұмыстар туралы мәлімет берді (1-қосымша).

Өкілетті Кеңес төрағасының берген мәліметіне Өкілетті Кеңес мүшелері өз ризашылықтарын білдірді.

3. Ректораттың 2018-2019 оқу жылында атқарған қызметі мен қол жеткізген жетістіктері (Performans) туралы есебін ұсыну, талқылау және бекіту

Университет ректоры 2018-2019 оқу жылында Ректораттың атқарған қызметі туралы мәлімет пен қол жеткізген жетістіктері (Performans) туралы есеп берді (2-қосымша).

Талқылау нәтижесінде, Өкілетті Кеңес мүшелері тарапынан ұсынылған есепке оң баға беріліп, университет Жарғысының 5-бабы (g) және (h) тармақшаларына сәйкес бекітуге шешім қабылданды.

4. 2018 қаржы жылының қорытынды есебін бекіту және 2020 қаржы жылының бюджетін талқылау

2018 қаржы жылының нақты есебі ұсынылды және 2020 қаржы жылының бюджеті талқыланды.

Талқылау нәтижесінде:

4.1. 28 қыркүйек-20 қазан 2019 ж. аралығында жүргізілген Әкімшілік және қаржылық тексеру комиссиясының есебіне сәйкес Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2018 жылғы қаржылық нақты есебі (3-қосымша) **41.533.816,10** АҚШ доллары (қырық бір миллион бес жүз отыз үш мың сегіз жүз он алты, он % АҚШ доллары) бекітілуіне;

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 62-МӘЖІЛІСІ**

Нұр-Сұлтан / Қазақстан

21/02/2020

4.2. Университеттің 2020 қаржы жылының бюджеті (4-қосымша) 11.487.229.300 теңге (30.229.600) АҚШ доллары ағымдық бюджет бекітілуіне;

4.3. Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан Түркия Республикасының ағымдық бюджет үлесінен Ректораттың есепшотына 2.422.179.727 теңге мөлшерінде ағымдық қаржы аударылуына;

4.4. Өкілетті Кеңес төрағасына 20%-дан аспау шартымен бюджет баптарының арасында қаржы аударым (трансферт) жасау үшін құзірет берілуіне;

4.5. 4-бапта көрсетілген тармақшалардың барлығы 31.12.2019 жылдан бастап күшіне енуіне шешім қабылданды.

5. Университеттің 2017 жылғы Әкімшілік-шаруашылық және қаржылық тексеру есебін, 2018 жылғы Академиялық тексеру есебін талқылау

Университеттің 2017 жылғы Әкімшілік-шаруашылық және қаржылық тексеру есебі мен 2018 жылғы Академиялық тексеру есебі талқыланды.

Талқылау нәтижесінде,

5.1. Өкілетті Кеңес мүшелері тарапынан 2017 Әкімшілік-шаруашылық және қаржылық тексеру есебі бойынша Ректорат тарапынан берілген жауаптарға қатысты негізгі кемшіліктерді назарға алуға, түзету жұмыстарын жалғастыра отырып, төменде көрсетілген іс-шараларды жүзеге асыруға шешім қабылданды:

5.1.1. 2017ж. Әкімшілік-шаруашылық және қаржылық тексеру есебінде көрсетілген сын пікірлерді, кемшіліктер мен ұсыныстарды орындауда тиісті деңгейде ұқыптылық танытуға;

5.1.2. Ректорат тарапынан мән-жайды айқындау бойынша жүргізіліп отырған жұмыстарды соңына дейін жеткізуге;

5.1.3. Университет қаражатын тиімді және ұтымды жұмсау бойынша ұқыптылық танытуға шешім қабылданды.

5.2. 2018 Академиялық тексеру есебіне қатысты Ректораттың берген жауаптары Өкілетті Кеңес мүшелері тарапынан қанағаттанарлық деп бағаланды. Академиялық тексеру нәтижесінде кездескен негізгі кемшіліктерді назарға алуға,

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 62-МӘЖІЛІСІ**

Нұр-Сұлтан / Қазақстан

21/02/2020

түзету жұмыстарын жалғастыра отырып, төменде көрсетілген іс-шараларды жүзеге асыруға шешім қабылданды:

5.2.1. ЖОО-на дейінгі Дайындық факультетіндегі тіл үйрету мерзімі, сабақ мазмұнының сапасы, сабақ материалдары, кітапхана, көрнекі құралдар, онлайн материалдар, аудитория және жатақхана шарттары, қызметкерлердің (ОПҚ) саны және біліктілігі мәселесінде қолдау көрсетілсін.

5.2.2. Ғылыми жобалар санын, ИФ мақалалар мен сілтемелер санын арттыруға қатысты ынталандыру механизмдерін жетілдіруге (дамытылуына) қолдау көрсетілсін.

5.2.3. Университеттің жаңа мақсат-міндеттеріне орай атқаратын қызметінде Сапа менеджменті бөлімінен және жалпы сапа менеджменті мәдениетін көбірек пайдалану басшылыққа алынсын.

5.2.4. Халықаралық рейтинг үшін маңызды әрі қажетті студентке бағытталған оқыту жүйесіне көшу мәселесін қарқындалту туралы шешім қабылданды.

6. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне ҚР Президентінің Жарлығымен Ерекше мәртебе берілуі және осыған байланысты атқарылатын іс-шаралар туралы ректорат ұсынысын талқылау

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне ҚР Президентінің Жарлығымен Ерекше мәртебе берілуі және осыған байланысты атқарылатын іс-шаралар туралы ректорат ұсынысы талқыланды.

Талқылау нәтижесінде, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ерекше мәртебе алуына байланысты атқарылатын негізгі іс-шаралары (қолданыстағы заңнамалық талаптарға сәйкес) назарға алынды (5-қосымша).

7.1. Университет қызметкерлерінің еңбек жалақысын көтеру туралы ректорат ұсынысын талқылау

Университет қызметкерлерінің еңбек жалақысын көтеру туралы ректорат ұсынысы талқыланды.

3

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 62-МӘЖІЛІСІ**

Нұр-Сұлтан / Қазақстан

21/02/2020

Талқылау нәтижесінде:

7.1.1 2020 жылдың қаңтар айының 15-ші жұлдызынан бастап, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының және басшы қызметкерлерінің лауазымдық жалақысына 1,75 жоғарылату коэффициентімен сондай-ақ, 28.01.2020 жылғы Сенат қаулысының негізінде Түркістан қаласы мен аймақтағы әлеуметтік жағдайдың төмендігін ескере отырып, университеттегі оқу-көмекші, әкімшілік-шаруашылық және басқа да қызмет көрсетуші персоналдарға лауазымдық жалақысы университет бюджеті есебінен 1,3 жоғарылату коэффициентімен есептеп төлеу туралы шешім қабылданды.

7.2. Өкілетті Кеңестің 24.06.2014 жылғы 48-мәжілісіндегі 9.2.7-шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ректорат ұсынысын талқылау

Өкілетті Кеңестің 24.06.2014 жылғы 48-мәжілісіндегі 9.2.7-шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ректорат ұсынысы талқыланды.

Талқылау нәтижесінде,

7.2.1 Ғылыми-зерттеу институттары мен әкімшілік-басқару департаменттері, басқарма, бөлім басшысы қызметіндегі ғылыми дәрежесі бар (PhD, ғылым кандидаты, ғылым докторы) қызметкерлерге негізгі лауазымдық жалақысын есепке ала отырып, ТР тарапынан Әлеуметтік жәрдем ретінде ағымдық аударымдар есебінен төленетін қосымша ақысының төмендегі кестеге сай белгіленуіне;

Қызметі немесе атағы	ТР әлеуметтік жәрдем коэффициенті
Институт, департамент директоры, декан	0.75
Директор (ғылыми-зерттеу институты / орталығы)	0.70
Офис немесе басқарма, орталық басшысы, кафедра меңгерушісі	0.60
Профессор, доктор	0.65
Доцент, доктор	0.50
Доцент, кандидат немесе PhD	0.40
кандидат немесе PhD	0.40

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 62-МӘЖІЛІСІ**

Нұр-Сұлтан / Қазақстан

21/02/2020

6.2.2 48-Өкілетті Кеңес мәжілісінің 9.2.7-шешімінің күшін жоюға шешім қабылданды.

7. 2020-2021 оқу жылы Түркия Республикасынан, Түркі тілдес республикалар мен туыстас қауымдастықтардан және басқа да мемлекеттерден қабылданатын студент контингенті, ТүрТЕП және КазТЕП бағдарламаларына қабылданатын студент контингентін белгілеу

Ректораттың 2020-2021 оқу жылы Түркия Республикасынан, Түркі тілдес республикалар мен туыстас қауымдастықтардан және басқа да мемлекеттерден қабылданатын студент контингенті, ТүрТЕП және КазТЕП бағдарламаларына қабылданатын студент контингенті туралы ұсынысы талқыланды.

Талқылау нәтижесінде:

7.1. 2020-2021 оқу жылы Түркия Республикасынан ЖОО-на дейінгі Дайындық факультетіне қабылданатын контингент саны (тыңдаушылар саны) төмендегідей белгіленсін:

No	Факультеті	Мамандығы	Шифр	2020–2021 контингент
1	Филология (Әдебиет)	= Орыс тілі және әдебиеті оқытушысы	B017-6B01717	15
2	Филология (Әдебиет)	= Ағылшын тілі және әдебиеті	B036-6B02332	15
3	Филология (Әдебиет)	= Түрік тілі және әдебиеті	B036-6B02333	10
4	Филология (Әдебиет)	= Қазақ тілі және әдебиеті	B016-6B01716	5
5	Әлеуметтік ғылымдар =	Халықаралық қатынастар	B040-6B03138	15
6	Әлеуметтік ғылымдар (Байланыс)	= Журналистика	B042-6B03239	5
7	Гуманитарлық ғылымдар (Дінтану)	= Дінтану	B033-6B02228	10

5

Handwritten signatures and marks in blue ink.

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 62-МӘЖІЛІСІ**

Нұр-Сұлтан / Қазақстан

21/02/2020

8	Гуманитарлық ғылымдар (Педагогика)	= Тарих	B015-6B01615	5
9	Жаратылыстану ғылымдары (Педагогика)	Математика	B009-6B01509	5
10	Стоматология	Стоматология	B082-6B10156	15
ЖАЛПЫ				100

7.2. 2020-2021 оқу жылына Түркі дүниесінен Дайындық факультетіне Қазақстан Республикасының (ТГЕ) гранты және Түркия Республикасының квотасы негізінде қабылданатын тыңдаушылар контингенті мен олардың мемлекеттерге қарай бөлінісі төмендегідей белгіленсін:

р/с	Түркі тілдес елдер мен қауымдастықтар	2020-2021 контингент
1	Түркия	100
2	Әзірбайжан	10
3	Түркіменстан	10
4	Қырғызстан	20
5	Өзбекстан	25
6	Өзбекстан (Қарақалпақстан)	5
7	Молдова	3
8	Қытай Халық Республикасы (Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы)	1
9	Ресей Федерациясы Дағыстан Республикасы	3
10	Ресей Федерациясы Кабардин-Балкар Республикасы	10
11	Ресей Федерациясы Қарачай-Черкес Республикасы	3
12	Ресей Федерациясы Алтай Республикасы	3
13	Ресей Федерациясы Хакасия Республикасы	3
14	Ресей Федерациясы Сібір	3
15	Ресей Федерациясы Тува Республикасы	3
16	Ресей Федерациясы Башкирия	3
17	Ресей Федерациясы Чувашия	3
18	Ресей Федерациясы Саха Республикасы	3
19	Ресей Федерациясы Татарстан Республикасы	3
20	Моңғолия	3
21	Венгрия	3

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 62-МӘЖІЛІСІ**

Нұр-Сұлтан / Қазақстан

21/02/2020

22	Басқа мемлекеттер	30
	Жалпы контингент	250

7.2.1. 2020-2021 оқу жылында Түркі дүниесі мен туыстас қауымдастықтарға ақысыз негізде білім алуға 250 орын (контингент) бөлінсін. 200-ден артық 50 орынға қабылданған студенттердің шығыны Түркия Республикасы бюджетінен қаржыландырылсын.

7.2.2. Жоғарыдағы кестеде көрсетілген орындар толмаған жағдайда бос қалған контингенттерді басқа Түркі тілдес Республикалар мен қауымдастықтарға үлестіру құзыреті Ректор және Ректор өкіліне берілсін.

7.3. Қазақстан және Түркия Республикаларынан тыс Түркі тілдес Республикалар мен қауымдастықтардан келіп, Дайындық факультетінде ақылы негізде білім алатын тыңдаушылардың саны нақты бір мемлекет үшін 30-дан аспау шартымен жалпы 100 тыңдаушы қабылдансын.

7.4. Қазақстан және Түркия Республикаларынан тыс Түркі тілдес Республикалар мен қауымдастықтардан және басқа да шет мемлекеттерден келіп ақылы негізде бірінші курсқа қабылданатын студенттердің санын нақты бір мемлекеттен 500-ден асырмау шартымен жалпы 1000 студент қабылдансын.

7.5. 2020-2021 оқу жылына төмендегі кестеде көрсетілген контингент шеңберінде Түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламасы (ТүрТЕП) базалық орта білім / арнайы орта білім, жоғары білім (бакалавриат) және магистратура бағдарламалары бойынша студент қабылдансын:

Оқу деңгейі	Мамандық / Бағдарлама	Контингент		Базалық орта білімнен жоғары білімге өту / емтиханы
		Күз	Көктем	
Базалық орта / арнайы білім	Бағдарламашы (Компьютер бағдарламашысы)	100	-	-
	Компьютер инженериясы	150	-	90

7


**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 62-МӘЖІЛІСІ**

Нұр-Сұлтан / Қазақстан

21/02/2020

Жоғары білім (бакалавриат)	Өндіріс инженериясы	100	-	90
	Басқарудың ақпараттық жүйелері	100	-	20
ЖАЛПЫ		450	-	200
Магистратура	Менеджмент	200	200	
	Басқарудың ақпараттық жүйелері	150	150	
	Компьютер инженериясы	150	150	
	Денсаулық сақтау мекемелері менеджменті	200	200	
	Басқару және ұйымдастыру	200	200	
	Білім беруді басқару және	400	400	
	Жергілікті басқару	200	200	
	Саясаттану және жергілікті басқару	200	200	
	Білім беруде өлшеу және бағалау	100	100	
	Ағылшын тілі оқытушысы	100	100	
Магистратура	Туризм менеджменті	100	100	
	Түрік тілі және әдебиеті	100	100	
	Араб тілі	100	100	
	Түрік тілін шет тілі ретінде оқыту	100	100	
	Халықаралық қатынастар	200	200	
	Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі	200	200	
	Өндіріс инженериясы Mühendisliği	100	100	
	Бағдарламалау	100	100	
Кибер қауіпсіздік	300	300		
Барлығы магистратура		3200	3200	

8



**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 62-МӘЖІЛІСІ**

Нұр-Сұлтан / Қазақстан

21/02/2020

Жалпы	3650		200
-------	------	--	-----

7.5.1 Түрік тілінде қашықтықтан білім беру бағдарламасының (ТүрТЕП) магистратура мамандықтарына бөлінген орындар толмаған жағдайда бос қалған орындарды жалпы магистратураға бөлінген орын санынан аспау шартымен сұранысқа ие магистратура мамандықтарына ауыстыру құзыреті ТүрТЕП Басқару Кеңесіне берілсін.

7.6. Қазақ тілінде қашықтықтан білім беру (КазТЕП) бағдарламасының бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша 2020-2021 оқу жылына төмендегі кестеде көрсетілген контингенттер шеңберінде студент қабылдансын:

9

[Handwritten signatures and marks]

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 62-МӘЖІЛІСІ**

Нұр-Сұлтан / Қазақстан

21/02/2020

Білім деңгейі	беру	Мамандық атауы	Контингент
Жоғары білім (бакалавриат)		Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу	50
		Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі	50
		Педагогика және психология	50
		Математика	50
		Информатика	50
		Ақпараттық жүйелер	50
		Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	50
		Биология	50
		География	50
		Қазақ тілі мен әдебиеті	50
		Орыс тілі мен әдебиеті	50
		Дінтану	50
		Теология	50
		Құқықтану	50
		Экономика	50
		Менеджмент	50
		Есеп және аудит	50
		Мемлекеттік және жергілікті басқару	50
		Экология	50
		Туризм	50
	Мейірбике ісі	50	
Барлығы			1050
Жоғары білімнен кейінгі білім (магистратура)		Мемлекеттік және жергілікті басқару	150
		Құқықтану	150
		Дінтану	100
		Компьютерлік инженерия	100
		АРТ - менеджмент	150
		Менеджмент (сала бойынша: білім беру, денсаулық сақтау, спорт және туризм, т.б.,)	650
		Экономика	100
Барлығы			1400
Жалпы			2450

7.6.1. Қазақ тілінде қашықтықтан білім беру (КазТЕП) бағдарламасының бакалавриат, магистратура мамандықтарына бөлінген орындар толмаған

10

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 62-МӘЖІЛІСІ**

Нұр-Сұлтан / Қазақстан

21/02/2020

жағдайда бос қалған орындарды жалпы магистратураға бөлінген орын санынан аспау шартымен, сұранысқа ие магистратура мамандықтарына ауыстыру құзыретін университеттің Сенат/Басқару Кеңесіне беруге шешім қабылданды.

8. Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан шәкіртақы негізде 2020-2021 оқу жылы докторантура және кәсіби біліктілік арттыру мен білім-тәжірибе алмасуға жіберілетін үміткерлердің контингенті мен мамандықтарын белгілеу бойынша Ректорат ұсынысын талқылау

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінен Түркияның университеттерінде «жоғары оқу орнынан кейін білім алуға медицина саласы бойынша кәсіби біліктілік арттыруға, мамандық бойынша тәжірибе алмасуға және кәсіби біліктілік арттыруға» жіберілетін білімгерлер мен мамандар үшін 2020-2021 оқу жылына бөлінетін контингент саны мен мамандықтар тізбесі төмендегі кестеге сай белгіленсін.


Осы орындарға үміткерлерді іріктеу барысында тиісті регламент талаптары мұқият орындалсын және іріктелетін үміткерлер мен Ректорат арасында міндетті қызмет ету келісім-шарты түзілсін.

№	Мамандық атауы	Докторантура контингент	Кәсіби біліктілік арттыру және мерзімі
1	Музыкалық білім	1	
2	Сән дизайны	1	
3	Жетекшілік және психологиялық жетекшілік	1	
4	Электрик-электроникалық инженерия (Инженерия факультеті)	1	
5	Жаңа түрік әдебиеті	1	
Барлығы			5

9. Университетке қарасты Ботаникалық бақ, Ғалымдар үйі және 1.5 га жерді Түркістан облысы әкімдігінің ұсынысын талқылау;

Университетке қарасты Ботаникалық бақ, Ғалымдар үйі және 1.5 га жерді Түркістан облысы әкімдігінің ұсынысы талқыланды (6-қосымша).

11



**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 62-МӘЖІЛІСІ**

Нұр-Сұлтан / Қазақстан

21/02/2020

Талқылау нәтижесінде:

9.1. Университетке қарасты Ботаникалық бақтың бір бөлігін Түркістан облысы әкімшілігіне уақытша пайдалануға беру мәселесінің заңдылық негіздерін нақтылау мақсатында, 15/06/2019 жылғы 60-ші Өкілетті Кеңес мәжілісінің №7 шешіміне сәйкес Өкілетті Кеңес Басқармасы тарапынан қазақстандық және түркиялық мүшелерден құралған ортақ комиссияның қарауына Түркістан қаласы әкімдігінің Ботаникалық баққа қатысты ұсынысының кеш келуіне байланысты (18/02/2020ж. №21/1455 хат) комиссияның отырысы өткізілмеді. Сондықтан, 62-Өкілетті Кеңес отырысына комиссия ұсынысының дайын болмауына байланысты, келесі Өкілетті Кеңес отырысының қарауына қалдырылсын .

9.2. Түркістан облысы әкімдігінің ұсынысына сәйкес Тәуке хан даңғылы №292 мекен-жайында орналасқан Ғалымдар үйі ғимаратын Түркістан облысының коммуналдық меншігіне беру туралы ұсыныс талқыланды.

Талқылау нәтижесінде, Түркістан облысы әкімдігінің сұранысын қанағаттандыру мақсатында университет, облыс әкімдігі мен қаржы министрлігі өкілдерінен комиссия құруға және комиссия ұсынысын келесі Өкілетті Кеңес мәжілісінің қарауына шешім қабылданды.

9.3. Түркістан қаласы әкімінің университет меншігіне тиесілі 1.5 га жер телімін салынып жатқан «Rixos» қонақ үйі құрылысына байланысты әкімдік меншігіне беру туралы ұсынысы талқыланды.

Талқылау нәтижесінде, Түркістан облысы әкімдігінің беретін жер телімдерінің Ректор және Ректор өкілі тарапынан университет мүддесін назарға ала отырып қарастыруларына және онлайн (жиналыс өткізбей) әдісімен Өкілетті Кеңес мәжілісін ұйымдастырып шешім қабылдауға келісілді.

10. Еуразия Ғылыми-зерттеу институты директор орынбасарына жалгерлік төлемдері үшін жәрдемақы тағайындау ұсынысын талқылау

Еуразия Ғылыми-зерттеу институты директор орынбасарына жалгерлік төлемдері үшін жәрдемақы тағайындау ұсынысы талқыланды.

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 62-МӘЖІЛІСІ**

Нұр-Сұлтан / Қазақстан

21/02/2020

Талқылау нәтижесінде, Еуразия Ғылыми-зертту институтының директор орынбасары Түркиялық қызметкерге 300.000 (үш жүз мың) теңге көлемінде жалгерлік төлемдері үшін жәрдемақы тағайындауға шешім қабылданды.

11. ЖОО-ға дейінгі Дайындық факультеті оқытушыларының шет тілі (ағылшын және түрік тілі) бойынша кәсіптік құзыреттілігін арттыру және Халықаралық Юнус Эмре сертификатының жарамдылық мерзімін ұзарту туралы ректорат ұсынысын талқылау

ЖОО-ға дейінгі Дайындық факультеті оқытушыларының шет тілі (ағылшын және түрік тілі) бойынша кәсіптік құзыреттілігін арттыру және Халықаралық Юнус Эмре сертификатының жарамдылық мерзімін ұзарту туралы Ректорат ұсынысы талқыланды.

Талқылау нәтижесінде:

11.1. 2020-2021 оқу жылынан бастап ЖОО-ға дейінгі Дайындық факультетіне шет тілдерінде (ағылшын, түрік) білім беретін оқытушыларды қызметке қабылдауда кәсіптік құзыреттілігін айқындайтын халықаралық дәрежедегі сертификаттарының деңгейін төмендегі кестеге сай бекіту үшін шешім қабылданды:

	Тілдерді кәсіби деңгейде меңгергендігі туралы халықаралық сертификат	Біліктілік деңгейі
1	IELTS	7
2	TOEFL	700
3	YUNUS EMRE	C1 (80 ұпай)

11.2. Университет қызметкерлерінің қызығушылығын арттыру, білім беру сапасын көтеру мақсатында шет тілінде білім беретін академиялық мен әкімшілік персоналдың халықаралық дәрежедегі IELTS, TOEFL, Yunus Emre сертификаттарының берілген күнінен бастап 5 (бес) жылға ұзартуға шешім қабылданды.

12. Университет қалашығына салынуы жоспарланған құрылыс нысандары туралы Ректорат ұсынысын талқылау

Университет қалашығына салынуы жоспарланған құрылыс нысандары туралы Ректорат ұсынысы талқыланды.

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 62-МӘЖІЛІСІ**

Нұр-Сұлтан / Қазақстан

21/02/2020

Талқылау нәтижесінде,

12.1. 500 орындық үш жатақхана құрылысының жұмысын бастап жүргізу үшін тиісті инвестордың уақытша пайдалануына 3,8 га жер телімін беруге;

12.2. Стратегиялық жоспарда қарастырылған «Екі қабатты 8 пәтерлі 6 дана коттедж» (жалпы 48 пәтер) құрылысын бастап жүргізуге, жоба сметалық құжаттарын жаңартып, құрылысты бастау үшін Өкілетті Кеңес тарапынан қаржыландыруға немесе университет есебінен 50 пәтерлік жалдамалы тұрғын үй кешенін салуға;

12.3. Университет қажеттіліктеріне орай университет қалашығының ішінен Медициналық оқу-зертханалық ғимаратының құрылысына байланысты дайындық жұмыстарын жүргізуге шешім қабылданды.

13. Университетте Бенчмаркинг (Benchmarking) жүйесін енгізуді ұйымдастыру туралы Рectorат ұсынысын талқылау

Университетте Бенчмаркинг (Benchmarking) жүйесін енгізуді ұйымдастыру туралы Рectorат ұсынысы талқыланды.

Талқылау нәтижесінде, Бенчмаркинг (Benchmarking) моделі негізінде екі мамандық бойынша пилоттық жобаны іске асыру мақсатында ТР жоғары оқу орындары арасынан серіктестіктерді анықтау және қажетті ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуге қолдау көрсету туралы шешім қабылданды.

14. Жаңа регламенттерді қабылдау және қолданыстағы регламенттерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу мәселесін талқылау

Жаңа регламенттерді қабылдау және қолданыстағы регламенттерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу мәселесі талқыланды.

Талқылау нәтижесінде,

14.1. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Еуразия ғылыми зерттеу институты регламентінің «Басқару кеңесі» деп аталатын бөлімнің 10-ші бап 2-ші параграфындағы «Басқару Кеңесі институт директорының шақыруы бойынша ең кемі екі айда бір рет жиналады», - деген

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 62-МӘЖІЛІСІ**

Нұр-Сұлтан / Қазақстан

21/02/2020

мәтінінің «Басқару кеңесі институт директорының шақыруы бойынша ең кемі жылына екі рет жиналады», - деп өзгертілсін.

14.2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 16/10/2019 жылғы №15 академиялық дәрежелер/атақтар ережесіне өзгертулер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты «Халықаралық ғылыми базаларда индекстелетін ғылыми журналдарында жариялаған мақаласы үшін импакт фактор көрсеткішіне сәйкес ынталандыру сыйақы мөлшеріне “Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жәрдемақы және марапаттау регламентінің” ғылыми мақала жариялауды ынталандыру туралы 10-шы бабы 4-ші тармақшасы төмендегідей өзгертілсін:

«Университетте қызмет атқаратын оқытушы профессорларға, ЖОО кейінгі білім беру бағдарламаларында университет атынан білім алып жүрген тұлғаларға Халықаралық ғылыми базаларда (**Thomson Reuters: Web of Science/Web of Knowledge; Elsevier: Scopus, Jstore**) индекстелетін ғылыми журналдарында жариялаған әрбір мақаласы және алынған әрбір инновациялық патенті үшін авторға төмендегі көрсеткіш негізінде **180 000 теңгеге дейін** ынталандыру сыйақысы төленеді:

Импакт факторлы мақалалар үшін:

теңге

Журнал атауы	180 000	125 000	75 000	62 000
Journal Citation Reports (Clarivate Analytics)	1 квартиль	2 квартиль	3 квартиль	4 квартиль
CiteScore (Scopus)	процентиль (99-75)%	процентиль (74-50)%	процентиль (49-35)%	процентиль (34-1)%

Патент үшін:

теңге

Патент атауы	Ынталандыру сомасы
Халықаралық (PCT)	180 000
Еуразиялық	125 000
Республикалық	75 000

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ӨКІЛЕТТІ КЕҢЕСІНІҢ 62-МӘЖІЛІСІ**

Нұр-Сұлтан / Қазақстан

21/02/2020

14.3. «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қызметкерлерінің еңбекақы регламенті» қабылдансын (7-қосымша).

14.4. Университеттің профессор-оқытушылар құрамын және қызметкерлерін аттестаттау туралы регламенті қабылдансын (8-қосымша).

14.5. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Анкара қаласындағы құрылымдық бірліктерінде басшылыққа алу шартымен: «Жетекші маман» штаттық бірлігін ашу және бұл штаттық бірліктің «Маман бағдарламашы» штаттық бірлігімен тепе-теңдігін қамтамасыз ету мақсатында, Өкілетті Кеңес Басқармасының Қызметкерлері Регламентіндегі 11-бап, 1-тармақ, б-тармақшасындағы кестеде; ӨКБ Іс-сапар регламентіндегі тәуліктік шығындар көрсетілген бөлімдегі 5-бап, 2-тармақшасындағы кестеде «Маман бағдарламашы» штаты көрсетілген қатарға «Жетекші маман» штатының қосылуы; «ТүрТЕП Басшысының орынбасары» штаты көрсетілген қатардың астына жаңа бір қатар қосу және ол жерге «Директор» штатын қосу, бастапқы негізгі айлық жалақысының кестеге сәйкес ӨКБ тарапынан айқындалуына;

14.6. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Өкілетті Кеңес Басқармасы Іс-сапар регламентінің тәуліктік шығындары көрсетілген 7-бап, 3-тармағындағы кестеде, “Ғылыми зерттеуші (Dr.)” штаты көрсетілген қатарға “Маман бағдарламашы” және “Жетекші маман” штатын қосуға шешім қабылданды.

15. Ұсыныстар мен тілектер

Өкілетті Кеңес мүшелері мәжілістің ұйымдастырылуы мен атқарған дайындық жұмыстарына байланысты өз ризашылықтарын білдірді.

16

